

# **ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

## **АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**«Облыс деңгейінде діни қызметті реттеу саласында мемлекеттік орган қызметінің тиімділігі мен бөлінген қаржылардың жоспарлануына және жұмсалуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ**

**2024 ж**

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. Кіріспе бөлік**

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

### **III. Қорытынды бөлік**

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:  
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

## **I. Кіріспе**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** «Облыс деңгейінде діни қызметті реттеу саласында мемлекеттік орган қызметінің тиімділігі мен бөлінген қаржылардың жоспарлануына және жұмсалуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті.

### **1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігімен бюджеттен бөлінген қаржылардың жоспарлануы мен атқарылуында Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаларының сақталуы.

### **1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:**

1) «Түркістан облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі;  
2) Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 01.01.2021-30.09.2023 жылдар аралығы.

## **II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

### **2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау**

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастық мойындаған, дінаралық және конфессияаралық диалог пен келісімді табысты ілгерілетудің бірегей тәжірибесі бар егемен мемлекет ретінде қалыптасқан.

Қазақстан Республикасы Конституцияға сәйкес өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітеді, ол барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігі және әркімнің жеке сенімдеріне құрметпен қарау қағидаттарына негізделген, соған сәйкес мемлекет бүгінде діни салада өз саясатын жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының діни қызметі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары:

- барлық мемлекеттік органдар мен азаматтардың ар-ождан бостандығы мен дінін қорғауға кепілдік беретін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарын мүлтіксіз сақтауы;

- Конституцияның конфессиялық, этникалық, нәсілдік, Әлеуметтік және жыныстық белгілері бойынша кемсітудің кез келген нысандарына тыйым салатын баптарын орындау;

- адам құқықтары саласындағы аса маңызды халықаралық келісімдер мен шарттарға қол қойған Қазақстанның міндеттемелерін орындау;

- Қазақстанды зайырлы және құқықтық мемлекет бекітетін ережелерді іске асыру, конфессиялардың өзінің барлық құқықтары мен функцияларын іске асыруы үшін тең және қолайлы жағдайлар жасау;

- азаматтық қоғам институттарының-үкіметтік емес ұйымдардың, Қазақстан халқы Ассамблеясының, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға белсенді қатысуы;

- конфессиялардың бейбіт және құрметі қатар өмір сүруі, экстремизмнің таралуына қарсы тұру.

Қолданыстағы заңнама шеңберінде діни бірлестіктердің қызметі ретке келтірілген, миссионерлік қызметті жүзеге асыру, діни іс-шараларды, дінтану сараптамасын жүргізу, ғибадат ғимараттарын салу, діни әдебиеттерді тарату тәртібі айқындалған, Діни қызмет саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреттері айқындалған.

Мемлекет саясатын іске асырудың және дін саласындағы ұлттық мүдделерді қорғаудың құқықтық негізі болып табылатын әрбір адамның ар-ождан бостандығына халықаралық құқықта және Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген құқығын іске асыру мақсатында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы № 483 – IV Қазақстан Республикасының Заңы (*бұдан әрі – Діни қызмет туралы Заң*) қабылданған.

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарын сақтау және одан әрі ілгерілету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №953 қаулысымен бекітілген дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың 2021 – 2023 жылдарға арналған Кешенді жоспары (*бұдан әрі – 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспар*) әзірленген, ол негізгі аспектілерді, одан әрі дамуды және осы салада бар проблемаларды көрсеткен.

Бұдан басқа, Түркістан облысының дін істері басқармасының (*бұдан әрі – Басқарма*) тапсырысы бойынша Дін мәселелерін зерттеу орталығы жүргізген Түркістан облысы бойынша тұрғындардың «Діни ахуалды бағалау деңгейін анықтау» тақырыбымен зерттеудің қорытындысы бойынша респонденттердің 40,9 пайызы ер азаматтар болса, 59,1 пайызы әйел азаматтарын құраған. Азаматтардың көқарасын зерттеу нәтижелері бойынша:

1-сауалнама. «Сіздің қазіргі таңдағы елдегі діни ахуалға байланысты көзқарасыңыз қандай» деген сауалға сұралған азаматтардың нәтижесі:

	2021 жылы	2022 жылы	2023 жылы
«Жақсы, елдегі діни ахуал тұрақты»	49,8%	44,1%	34,1%
«Жақсы деуге болады, діни ахуал өзгеріссіз»	30,7%	42,3%	39,9%
«Бейтарап, немқұрайлы қараймын»	9,5%	4,7%	5,9%
«Нашар деуге болады, діни ахуал күрделеніп барады»	3,3 %	7,0 %	1,6%
«Нашар, діни ахуал шиеленісті деңгейде»	1,0 %	0,9%	1,5%
«Жауап беруге қиналамын»	5,7%	0,9%	16,9%

2-сауалнама. «Сіздіңше, дін саласын кімдер қадағалау керек» деген сауалға сұралған азаматтардың нәтижесі:

	2021 жылы	2022 жылы	2023 жылы
Мемлекет	37,4 %	46,1 %	49,7 %
Дін ұйымдардың өздері	17,1 %	32,0 %	30,1 %
Халық	17,6 %	16,7 %	9,1%

Шетелдік ұйымдар	10,2 %	0,8 %	4,2 %
Жауап беруге қиналамын	11,2 %	2,7 %	5,5 %
Басқада	6,5 %	1,7 %	1,4%

3-сауалнама. «Өз аймағыңызда жалпы діни жағдайды қалай бағалар едіңіз» деген сауалға сұралған азаматтардың нәтижесі:

	2021 жылы	2022 жылы	2023 жылы
Теріс	4,1%	1,3%	6,3%
Теріске жақын	2,5 %	2,7%	5,8%
Тұрақтыға жақын	21,1%	25,7%	17,5%
Тұрақты	39,9%	43,0%	54,2%
Бұл сұраққа ешқашан мән бермеппін, бұл жайлы ойланып көрмеппін	19,2%	15,9%	6,5%
Басқа	1,1 %	1,3%	2,3%
Жауап беруге қиналамын	12,1 %	10,1%	7,4 %

(Ескерту: мәліметтер Түркістан облысы Дін істері басқармасының тапсырысымен шығарылған «Ұшқын» жастар қоғамдық бірлестігінің баспа кітаптарынан алынды.)

Жоғарыда көрсетілген сауалнамаларды зерделеу қорытындысы бойынша пікіріміз, бұл халықтың басым бөлігі мемлекет саясатын оң қабылдағанымен, әлі де болса халықтың дінге деген қазіргі таңдағы көзқарасы, мемлекет тарапынан қадағалау жағдайына және жалпы діни жағдайды бағалау төмен дәрежеде екенін атап өтуге болады.

Қазақстанда бейбітшілік пен келісімде 130-дан астам этникалық және 18 конфессиялық топтардың өкілдері тұрады. Республикада дәстүрлі діни бірлестіктерден (ислам және христиандық) бұрын елде ұсынылмаған жаңа сенімдерге дейінгі діни бірлестіктердің кең спектрі ұсынылған.

Аудит барысында Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктер бойынша талдау, оның ішінде Түркістан облысындағы жағдайды Қызылорда және Жамбыл облысымен салыстыру жүргізілді, ол төмендегі кестеде көрсетілген.

### Тіркелген діни бірлестіктер туралы мәліметтер

	Конфессияның атауы	2021 жылдың 4-тоқанына			2022 жылдың 4-тоқанына			2023 жылдың 4-тоқанына			Барлығы ҚР бойынша
		Жамбыл	Қызылорда	Түркістан	Жамбыл	Қызылорда	Түркістан	Жамбыл	Қызылорда	Түркістан	
1	Ислам/Ислам	323	174	754	333	175	762	341	184	774	2835
2	Православие/Православие	8	1	12	8	1	12	8	1	12	347
3	Католицизм/Католицизм	1	1	-	1	1	-	1	1	-	93
4	Елуіншілер/Пятидесятники	8	5	6	8	5	6	8	5	8	222
5	Баптистер/Баптисты	10	4	7	10	4	7	10	4	8	186
6	Меннониттер/Менониты	-	-	-	-	0	-	-	-	-	9
7	Пресвитериандар/Пресвитерианты	3	3	4	3	3	4	3	3	4	104
8	Жетіншікүн Адвентистері / Адвентисты седьмого дня	4	-	-	4	0	-	4	-	-	40
9	Лютерандар/Лютеранты	1	-	-	1	0	-	1	-	-	14
10	Методистер/Методисты	1	-	-	1	0	-	1	-	-	11
11	Жаңаапостолшылар/Новые Апостолы	1	-	-	1	0	-	1	-	-	24
12	Мормондар/Мормоны	-	-	-	-	0	-	-	-	-	2

13	ЕхобаКуәгерлері/Свидетели Иеговы	9	1	3	9	1	3	9	1	3	61
14	Кришнаиттер/Кришнаиты	-	-	-	-	0	-	-	-	-	13
15	Бахаилар/Бахаи	-	-	-	-	0	-	-	-	-	6
16	Иудаизм/Иудаизм	-	-	-	-	0	-	-	-	-	7
17	Буддизм/Буддизм	-	-	-	-	0	-	-	-	-	2
18	Муниттер/Муниты	-	-	-	-	0	-	-	-	-	1
	<b>Барлығы</b>	<b>369</b>	<b>189</b>	<b>786</b>	<b>379</b>	<b>190</b>	<b>794</b>	<b>387</b>	<b>199</b>	<b>809</b>	<b>3977</b>

*Ескерту: мәліметтер Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің ресми интернет-порталынан алынды (<https://www.gov.kz/memleket/entities/din?lang=ru>).*

Кестеге сәйкес, Қазақстан Республикасында 18 діни конфессия қызметін жүзеге асырады, оның шеңберінде 2023 жылғы 4-тоқсанындағы жағдай бойынша 3977 діни бірлестіктер тіркелген. Діни бірлестіктердің ең көп саны «Ислам» (бірлестіктердің жалпы санының 2835 немесе 71,3%), «православие» (бірлестіктердің жалпы санының 347 немесе 9%), «Елуінші күн» (бірлестіктердің жалпы санының 222 немесе 6%), «баптистер» (бірлестіктердің жалпы санының 186 немесе 5%) «Пресвитериандар» (бірлестіктердің жалпы санының 12 немесе 12%).

Бұл ретте, 2023 жылғы 4-тоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 3977 діни бірлестік тіркелген. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда (3892) бірлестіктер санының 85 бірлікке немесе 2,1% шамалы өсуі байқалады.

Түркістан облысында тіркелген діни бірлестіктер саны бойынша республикада 1-ші орында орналасқан.

Республика көлемінде 18 конфессияға кіретін 3977 діни бірлестіктер мен филиалдар жұмыс жасаса, соның ішінде облыста 6 конфессияға кіретін 809 діни нысандар (республиканың 21%) тіркелген. Олардың қатарында 30 жергілікті діни бірлестіктер (*анықтама: 12 – православие, 3 – Ехоба куәгерлері, 7 – інжілдік христиан-баптистер, 4 – елуіншілер, 4 – пресвитериандық*) 779 – филиалдар (*774 – исламдық ҚМДБ-ның филиалдары-мешіттер, 5 – исламдық емес - елуіншілер*).

Діни бірлестіктердің ең көп саны «Ислам» (Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы және оның филиалдары)-774 бірлік немесе діни бірлестіктердің жалпы санының 95,6 пайыз; «Православие» - 12 бірлік немесе бірлестіктердің жалпы санының 1,5 пайыз; «Елуіншілер» – 9 бірлік немесе діни бірлестіктердің жалпы санының 1,1 пайыз; «Інжілдік христиан-баптистер» - 7 бірлік немесе діни бірлестіктердің жалпы санының 0,9 пайыз; «Пресвитерианизм» - 4 бірлік немесе діни бірлестіктердің жалпы санының 0,5 пайыз; «Ехоба куәгерлері» - 3 бірлік немесе діни бірлестіктердің жалпы санының 0,4 пайыз.

### **Діни бірлестіктердің ғибадат үйлері мен құрылыстарының саны туралы мәліметтер**

р/с	Конфессияның атауы	2021 жылдың 4 тоқсанына		2022 жылдың 4 тоқсанына		2023 жылдың 4 тоқсанына	
		ҚР бойынша	Түркістан облысы бойынша	ҚР бойынша	Түркістан облысы бойынша	ҚР бойынша	Түркістан облысы бойынша
1	Ислам/Ислам	2695	754	2757	762	2 834	774

2	Православие/Православие	345	12	300	12	304	12
3	Католицизм/Католицизм	88	-	113	-	117	-
4	Елуіншілер/Пятидесятники	228	6	151	6	153	8
5	Баптистер/Баптисты	186	7	153	7	159	8
6	Меннониттер/Менониты	4	-	4	-	4	-
7	Пресвитериандар/Пресвитерианты	107	4	54	4	53	4
8	ЖетіншікүнАдвентистері/Адвентисты седьмого дня	42	-	32	-	32	-
9	Лютерандар/Лютеранты	14	-	16	-	16	-
10	Методистер/Методисты	11	-	8	-	7	-
11	Жаңаапостолшылдар/Новые Апостолы	24	-	24	-	24	-
12	Мормондар/Мормоны	2	-	0	-	0	-
13	ЕхобаКуәгерлері/Свидетели Иеговы	60	3	57	3	57	3
14	Кришнаиттер/Кришнаиты	12	-	4	-	5	-
15	Бахаилар/Бахаи	6	-	2	-	2	-
16	Иудаизм/Иудаизм	7	-	6	-	6	-
17	Буддизм/Буддизм	2	-	1	-	2	-
18	Муниттер/Муниты	1	-	0	-	1	-
	<b>Барлығы</b>	<b>3834</b>	<b>786</b>	<b>3682</b>	<b>794</b>	<b>3776</b>	<b>809</b>

Ескерту: мәліметтер Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің ресми интернет-порталынан алынды <https://www.gov.kz/memleket/entities/din?lang=ru>.

Кестеге сәйкес Қазақстан Республикасында 2022 жылғы 4-тоқсанына 3682 бірлік ғибадат үйлері мен құрылыстары тіркелген, олардың саны 2023 жылғы 4 тоқсанына қарай 94 бірлікке немесе 2,5% - ға ұлғайған.

Діни ғимараттар мен құрылыстардың ең көп саны "Ислам", «Православие», «Католицизм», «Елуінші күн» және «Баптистер» діни бірлестіктері бойынша тіркелген.

Өз кезегінде, ғибадат үйлері мен құрылыстарының жалпы санынан (3776 бірлік) ең көп мешіттер саны (ҚМДБ филиалдары) – 2834 бірлік немесе 75,0 пайыз, православие христиан шіркеуі – 304 бірлік немесе 8,0 пайыз, католик христиан шіркеуі – 117 бірлік немесе 3,0 пайыз құрап отыр.

Ал, Түркістан облысында ғибадат үйлері мен құрылыстарының жалпы санынан (809 бірлік) ең көп саны мешіттер (ҚМДБ филиалдары) – 774 бірлік немесе 95,7 пайыз, Православие христиан шіркеуі – 12 бірлік немесе 1,4 пайыз құрайды.

Қазақстан Республикасында 2022 жылғы 4-тоқсандағы жағдай бойынша миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдардың саны 355 адам (миссионерлер), оның ішінде шетелдіктер – 281, Қазақстан Республикасының азаматтары – 74. Сонымен қатар, 2023 жылғы 4-тоқсанына Қазақстан Республикасында 351 миссионер тіркелген, оның ішінде 274 – і шетелдіктер, 77-і Қазақстан Республикасының азаматтары (мәліметтер Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің ресми интернет-порталынан алынған <https://www.gov.kz/memleket/entities/din?lang=ru> ).

Төменде, аудит кезеңінде Түркістан облысы аумағында миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты ақпарат ұсынылады.

**Түркістан облысында 2021 – 2023 жылдары миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар бойынша ақпарат**

*(адам саны)*

№	Конфессияның атауы	Кезең		
		2021жыл	2022жыл	2023жыл
1	Православие	-	-	-
2	Католицизм	-	-	-
3	Мормоны	-	-	-
4	Ново апостольская церковь	-	-	-
5	Общество сознания Кришны	-	-	-
6	Пресвитерианство	1	1	1
	Барлығы	1	1	1

Кестеге сәйкес, 2021-2023 жылдары Басқарма тіркеген Түркістан облысы аумағында миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың негізгі саны пресвитериандық бағыттағы 1 (бір) миссионер болып табылады. 2021-2023 жылдары аталған бағыттағы миссионерден басқа тіркелмеген. Өсу немесе төмендеу динамикасы байқалмаған.

Тұтастай алғанда, сенушілердің жоғары көрсеткіші, сондай-ақ тұрғындардың дін саласында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатқа қызығушылығы конфессияаралық қатынастардың басым оң сипатына қарамастан, діни сала әлі де сезімтал болып қалатынын көрсетеді.

Негізінде халықтың сұранысының өзектілігі, сондай-ақ Түркістан облысындағы діни конфессиялар мен миссионерлердің жеткілікті үлкен саны тұрғындарды ақпараттық қамтуды жалғастырып, кеңейтіп, әлеуметтік желілерді қолдана отырып толеранттылықты насихаттауды дамыту, сондай-ақ тұрақты негізде облыстағы діни ахуалға мониторинг жүргізу қажет етеді.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

Жалпы аудитпен 2 аудит объектісінде 001 «Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» және 005 «Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау» бюджеттік бағдарламалары бойынша 2021 жылдың 01 қаңтары мен 2023 жылдың 30 қыркүйек аралығындағы кезеңге бөлінген 715 853,0 мың теңге (2021 жылы 260 878,0 мың теңге, 2022 жылы 266 392,0 мың теңге, 2023 жылы 188 583,0 мың теңге) қаржы қамтылды.

Мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнамаларды бұзудың фактілері анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 21193,8 (жалпы қамтылған қаржының 3,0 пайызы) мың теңге. Оның ішінде өтелуге жататын қаржылық бұзушылық 2 631,5 мың теңге және тиімсіз пайдаланылған қаржы 18 562,3 мың теңге.

*Аудит барысында жүргізілген талдау, мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін регламенттейтін құжаттардың мынадай кемшіліктерін көрсетті:*

Басқарма, Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы «Мемлекеттік мекемелер туралы» №263 қаулысына сәйкес құрылған.



Аудитпен қамтылған кезеңінде Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 06 сәуірдегі №52 санды қаулысымен «Түркістан облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы Ережесі *(бұдан әрі – Ереже)* бекітілген.

Алайда, орыс тілі нұсқасындағы Ереженің 16-тармағының 7) тармақшасында «ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайларды келісу жөнінде облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу» делінсе, қазақ тілі нұсқасындағы Ереженің 16-тармағының 7) тармақшасында «ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын бекіту жөнінде облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу» делінген.

**1-тармақ.** Аудиттің пікірінше, Ережеде қызмет нысанасының дұрыс көрсетілмеуі Басқарманың құқық белгілейтін құжаттарында елеулі кемшілік болып табылады, өйткені мемлекеттік органның мәртебесі Мемлекеттік орган туралы ережемен айқындалады және Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 41-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік органның құзыреті оның қызметінің мәнін айқындайды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы №483-IV «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 5 бабы 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат және діни қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №94-VII ҚРЗ Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, Заңының 5 бабы 7) тармақшасы «ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізу туралы діни бірлестіктер берген хабарламаларды қарайды» сөздерімен ауысытырлған, бұл жалпы осы құзыреттіліктің мәнін өзгертті.

Мемлекеттік орган бір ай ішінде Ереженің тиісті жобасын әзірлеуге не егер нормативтік құқықтық актілер мен тапсырмаларда өзге мерзімдер белгіленбесе, негіздер болған кезде ережеге өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізуге міндетті.

**2-тармақ.** Осылайша, Басқарма Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №590 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі Нұсқаулықтың 5-тармағын бұза отырып, «ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайларды келісу жөнінде облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу» функциясын алып тастау және «ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізу туралы діни бірлестіктер берген хабарламаларды қарайды» функциясын енгізу бөлігінде Ережені өзектендіруді қамтамасыз етпеді.

*Аудит қорытындысы бойынша мемлекеттік аудит объектілері бөлінісінде төмендегі бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды.*

**Басқарма бойынша:**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 қаулысымен «Мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы Ережесі» (бұдан әрі – *Ереже*) бекітілген. Осы Ереже Қазақстан Республикасының шегінде қызметтік іссапарларға жіберілетін Қазақстан Республикасы мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің іссапар тәртібін айқындайды.

Сондай-ақ Ережеге сәйкес, Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін іссапарға жіберуді:

1) баратын жері мен ұйымның атауы;

2) іссапарда болу мерзімі;

3) іссапардың мақсаты;

4) іссапар шығыстарын өтеу шарттарын көрсете отырып, жол жүру шығыстары өтелетін көлік түрі көрсетілген бұйрықтың негізінде осы мемлекеттік мекеменің басшысы жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидалары» (бұдан әрі – *Қағидалар*) бекітілген.

Қағидалардың 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік мекемелердің басшылары мен басшыларының орынбасарлары үшін тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстарды өтеу нормасы Астана, Алматы, Шымкент, Атырау, Ақтау және Байқоңыр қалаларында – тәулігіне айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Басқарманың 2022 жылғы 12 сәуірдегі №27 ж/қ санды бұйрығына сәйкес Басқарма басшысының міндетін атқарушы Г.Байсариев Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы орталығы Академиясының ұйымдастыруымен өтетін күндізгі бөлім форматына оқуына 2022 жылдың 18-22 сәуір аралығында Алматы қаласына іссапарға шыққан.

**3-тармақ.** Алайда, Басқарма басшысының міндетін атқарушыға тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстарды өтеу кезінде тәулігіне айлық есептік көрсеткіштің 28 еселенген мөлшерімен есептеліп, 4 күнге жалпы сомасы 343 056 теңге төленіп, Қағидалардың 3-тармағының 2) тармақшасының талаптары сақталмаған. Осылайша 4 күнге тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстарды өтеу кезінде жалпы сомасы 280273 теңге артық төленген.

Сонымен қатар, Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасында «іссапарда жүрген әрбір күні үшін екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тәулікақы төленеді» делінсе, Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасында «егер іссапарға жіберілген қызметкер тұрақты жұмыс орнына күн сайын қайтып келсе, онда тәулікақы төленбей, жол жүру құжаттары болған кезде көліктік шығыстар ғана өтеледі» делінген.

**4-тармақ.** Алайда, 2022 жылы Басқарма тарапынан 20 жағдайда 1 күнге қызметкерлер іссапарға жіберіліп, жалпы сомасы 122 520 теңге тәулік ақы

негізсіз төленсе, 2023 жылы 4 жағдайда 1 күнге қызметкерлер іссапарға жіберіліп, жалпы сомасы 27 600 теңге (барлығы 150 120 теңге) тәулік ақы негізсіз төленген. Осылайша, Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасының талаптары сақталмаған.

Бұдан бөлек, Басқарма тарапынан 2021 жылдың қорытындысымен қызметкерлердің жалақысынан есептелетін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарналардың кем есептелу салдарынан 67,5 мың теңге қысқа мерзімді кредиторлық қарыз орын алған.

**5-тармақ.** Алайда, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 4 бабының 12) тармақшасының талаптары сақталмай кредиторлық қарыздары бола тұра 2021 жылы қызметкерлердің бос орындардың болуына байланысты еңбек ақы мен сауықтыру жәрдемақысынан жыл бойы үнемделінген қаржы есебінен 18 562,0 мың теңге сыйақы қызметкерлерге төленіп, бюджет қаржысын тиімсіз пайдаланылған.

#### **Дін мәселелерін зерттеу орталығы бойынша:**

**6-тармақ.** Дін мәселелерін зерттеу орталығы қызметкерлері тарапынан «іссапарға жіберілген қызметкер тұрақты жұмыс орнына күн сайын қайтып келсе, онда тәулікақы төленбей, жол жүру құжаттары болған кезде көліктік шығыстар ғана өтеледі» делінген Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасының талаптары сақталмай, 2021 жылы 132 жағдайда 1 күнге жалпы сомасы 769 532 теңге, 2022 жылы 174 жағдайда 1 күнге жалпы сомасы 1 065 924 теңге, 2023 жылы 51 жағдайда 1 күнге жалпы сомасы 365 700 теңге (барлығы 2 201 156 теңге) тәулік ақы негізсіз төленіп, қызметкерлер іссапарға жіберілген.

Аудит объектілерінде қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтар іс-сапар шығындары нормаларын дұрыс қолданбау салдарынан және тиімсіз пайдаланылған қаржының пайда болуы, бірінші кезекте кредиторлық қарыздарға талдау жүргізіп, оларды өтеудің жолын қарастырмау салдарының нәтижесі тиімсіз пайдаланылған қаржыға әкеп соқтырған.

Осылайша, жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің бұзылуы мен кемшіліктері жүйелі сипатқа ие. Бұзушылықтарға жол берудің негізгі себептері жауапты тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын дұрыс қолданбауы, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен заңдылығы бөлігінде басшылық тарапынан әлсіз бақылау болып табылады.

### **2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе).**

Түркістан облысындағы әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері бойынша облыс тұрғындарының 57,7 пайызы қазіргі таңда елімізде жалпы діни ахуалды тұрақты деп есептеген және 65,7 пайызы мемлекет діни бірлестіктердің қызметін заңнамаға сәйкес реттеуі тиіс деп бағалаған, бұл халықтың басым бөлігінің мемлекеттік толеранттылық саясатын оң

қабылдағанын көрсеткен. Бұл ретте, облыс тұрғындары діни ахуалды негізінен қолайлы деп бағалаған (*Ескерту: мәліметтер Түркістан облысы Дін істері басқармасының тапсырысымен шығарылған «Ұшқын» жастар қоғамдық бірлестігінің баспа кітаптарынан алынды*).

Басқарма жүзеге асыратын функцияларды талдау олардың тұтастай алғанда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көзделген діни қызметті мемлекеттік реттеу және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жөніндегі құзыреттерге сәйкес келетіндігін көрсеткен.

Қазіргі таңда деструктивті діни ағымдардың негізгі құралы ғаламтор кеңістігі немесе түрлі әлеуметтік желілер болып отыр. Деструктивті діни ағымдар өздерінің уағыз-насихаттарын аудио және видео жазбалары арқылы, түрлі жекелеген аккаунттармен (парақшалар) жастарымызды өз қатарларына қосу мақсатында арбауда.

Қоғамдағы жастардың таным-түсініктерінің дұрыс қалыптасуына әсіресе дін тұрғысындағы көзқарастарының оң бағытқа әсер ететін бейнероликтер, спектакль қойлымдары мен фильмдер шығарудың ықпалы зор деп санаймыз. Спектакль қойлымдары, бейнероликтер мен фильмдер шығару арқылы мемлекеттік қаржыны үнемдеуге мүмкіндік бар.

Дегенімен, аудит объектілері қабылдаған шараларға қарамастан аудит бірқатар кемшіліктер мен бұзушылықтарды анықтады:

-тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстарды өтеу кезінде тәулігіне айлық есептік көрсеткіш мөлшерін есептеу кезінде Қағидалардың 3-тармағының 2) тармақшасының талаптары сақталмаған;

- Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасындағы «егер іссапарға жіберілген қызметкер тұрақты жұмыс орнына күн сайын қайтып келсе, онда тәулікақы төленбей, жол жүру құжаттары болған кезде көліктік шығыстар ғана өтеледі» делінген талаптары сақталмаған;

- Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 4 бабының 12) тармақшасының талаптары сақталмай кредиторлық қарыздары бола тұра қызметкерлерге сыйақы төленіп, бюджет қаржысын тиімсіз пайдаланылған.

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар**

Мемлекеттік аудит объектілерінде анықталған бұзушылықтарды назарға алды және мемлекеттік аудит барысында Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитті жүргізген қызметкерлерімен анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша мемлекеттік аудит объектілері бөлінісінде мынадай шаралар қабылданды:

**1. «Түркістан облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша:**

- Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін іссапар шығындарына негізсіз төленген жалпы сомасы 430 393 теңге қаржы бюджетке

толық өтелді (2024 жылғы 15 ақпандағы №38/69 санды хаты, кіріс 2024 жылғы 15 ақпандағы №265).

- бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген Басқарманың бас маман-есепшісі Жаймбаева Айнур Куралбековнаға Басқарма басшысының 2024 жылғы 19 қаңтардағы №4 ж/қ санды бұйрығымен «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған (2024 жылғы 15 ақпандағы №38/69 санды хаты, кіріс 2024 жылғы 15 ақпандағы №265).

### **3.2 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар**

**Мемлекеттік аудиттің көрсеткіші:** Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы.

Аудит объектілерінің қызметін «Тиімділік» көрсеткіші бойынша бағалау қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында жүргізілді.

Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 06 сәуірдегі №52 санды қаулысымен бекітілген «Түркістан облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы Ережесінің орыс тілі нұсқасындағы Ереженің 16-тармағының 7) тармақшасы қазақ тілі нұсқасына сәйкес келмеуінен мекеменің құзыреттілігінің мәнін өзгеріп кеткен.

Аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша жүргізілген мемлекеттік аудит Түркістан облысында діни қызметті реттеу саласындағы мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін арттыру мәселесі бойынша пікір білдіру үшін жеткілікті негіздер береді деген қорытынды жасауға болады.

**Мемлекеттік аудиттің көрсеткіші:** Мәнділік– мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуы.

Аудит объектілері бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде көзделген іс-шараларды тұтастай орындады.

Жалпы, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын талдау бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту Бюджеттік кодекстің талаптарына және бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту Қағидаларына сәйкес келетіндігін көрсетті.

Алайда, негізгі бағыттарды жүзеге асыруда кемшіліктер бар, атап айтқанда:

- Қағидалардағы «мемлекеттік мекемелердің басшылары мен басшыларының орынбасарлары үшін тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстарды өтеу нормасы Астана, Алматы, Шымкент, Атырау, Ақтау және Байқоңыр қалаларында – тәулігіне айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшерінен аспауға тиіс» делінген талабы сақталмай, Басқарма басшысының міндетін атқарушыға тұрғынүй-жайды жалдау жөніндегі шығыстарды өтеукезінде тәулігіне айлық есептік көрсеткіштің 28 еселенген мөлшерімен есептеліп, 4 күнге жалпы сомасы 343 056 теңге артық төленген;

- Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасының талаптары сақталмай Басқарма тарапынан 2022 және 2023 жылдары кезеңдеріне 1 күнге іссапарға

жіберілген қызметкерлерге жалпы сомасы 150 120 теңге тәулік ақы, Дін мәселелерін зерттеу орталығы тарапынан 2021, 2022 және 2023 жылдары кезеңдеріне 1 күнге іссапарға жіберілген қызметкерлерге жалпы сомасы 2 201 156 теңге тәулік ақы негізсіз төленген;

- Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-ІV Бюджет Кодексінің 4 бабының 12) тармақшасының талаптары сақталмай кредиторлық қарыздары бола тұра 2021 жылы қызметкерлердің бос орындардың болуына байланысты еңбек ақы мен сауықтыру жәрдемақысынан жыл бойы үнемделінген қаржы есебінен 18 562,0 мың теңге сыйақы қызметкерлерге төленіп, бюджет қаржысын тиімсіз пайдаланған қаржыға әкеп соқтырған.

Жоғарыда аталған бұзушылықтарға жол берудің себептері қолданыстағы заңнама талаптарын сақтамау, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен заңдылығы бөлігінде басшылық тарапынан әлсіз бақылау болып табылады.

Мекемелерде нормативтік-құқықтық актілерді зерделеуді тұрақты негізде енгізу, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін тиімді пайдалану жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

### **3.3 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар**

1. «Облыс деңгейінде діни қызметті реттеу саласында мемлекеттік орган қызметінің тиімділігі мен бөлінген қаржылардың жоспарлануына және жұмсалуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін Басқарма тарапынан іссапар шығындарына негізсіз төленген жалпы сомасы 430 393 теңге қаржы бюджетке толық өтелгені, бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген Басқарманың бас маман-есепшісі Жаймбаева Айнур Куралбековнаға тәртіптік жаза қолданылғаны назарға алынсын.

3. Түркістан облысы әкімдігі мен облыс мәслихаты аппараттарына аудиторлық қорытындыдан үзінді ақпараттар жолдансын.

4. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою және тәртіптік жауапкершіліктерін қарау үшін аудит объектісіне нұсқама жолдансын.

#### **1. Түркістан облысының дін істері басқармасы мемлекеттік мекемесіне:**

1) Түркістан облысының дін істері басқармасының ережесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестендіру ұсынылсын (аудиторлық қорытындының 1,2-тармақтары).

#### **1. Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2024 жылғы 28 наурызға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

2) 2024 жылғы 31 мамырға дейін өтелуі тиіс **2 201,1** мың теңге қаржыны өтеу жөнінде шаралар қабылдасын.

#### **3.4 Қосымша:**

1) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 5 парақта;

2) Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін іссапар шығындарына негізсіз төленген жалпы сомасы 430 393 теңге қаржы бюджетке толық өтелгені және бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген лауазымды тұлғаны тәртіптік жаза қолдану туралы Басқарманың 2024 жылғы 15 ақпандағы №38/69 санды хаты.